

ИММУНДЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІН БҰЗЫЛУЫ. АЛЛЕРГИЯ, АНАФИЛАКСИЯ, СПИД.

Орындаған: Досан П.

Тобы: Мi 1-14

□ **Иммунитет** (латынша *im-munitas* – босап шығу, арылу, құтылу) немесе **Төтемелілік** — организмнің антигендік қасиеттері бар жұқпалы және жұқпалы емес бөгде заттарды, жұқпалы аурулар қоздырғышын немесе олар бөліп шығаратын кейбір улы заттарды қабылдамаушылық қасиеті және оларға қарсы тұру қабілеті. Иммунитет - организмнің ауру тудыратын агенттерді олардың тіршілік ету өнімдерін, сондай-ақ генетикалық табиғаты басқа заттарды қабылдамаушылығы. Иммунитеттің қалыптасуына тұтас жүйе ретінде бүкіл организм қатысады, өйткені оның қорғану механизмі бір-біріне байланысты, әрі нейрогуморалды реттеу жағдайында әрекет етеді



Аллергия — (көне грекше: ἄλλος — басқаша, ἔργον — әрекет, жауап) — организмнің қоршаған ортаның кейбір әсерлеріне әдеттегіден тыс сезімталдығы. Аллергия терминін алғаш 1906 жылы Австрия педиаторлары К.Пирке мен Б.Шик енгізген. Аллергия туралы деректер көне заманнан белгілі. Гален (2 ғасыр) раушан гүлінен адам мұрынының бітіп қалатыны туралы жазған. Аллергияны туындататын заттарды аллергендер дейді. Аллергендер организмге сырттан түсетін (экзогендік) және организмнің өзінде өндірілетін (эндогендік) болып ажыратылады. Экзогендік аллергияларға өсімдіктердің тозаңдары, жануарлардың түбіті, қайызғағы, үй шаңы, кір жуғыш ұнтақтар, кейбір тағамдық заттар, дәрі-дәрмектер (новокаин, пенициллин, витаминдер т.б.), микробтар мен вирустар, өндірістік өнімдер жатады. Эндогендік аллергиялар көпшілік жағдайларда әртүрлі микробтардың, вирустардың, суық немесе ыстық температуралардың, улы химиялық заттардың, иондағыш сәулелердің әсерлерінен организмнің өзінде пайда болады. Аллерген организмге алғаш рет түскенде иммундық жүйелерге әсер етіп, оның сол аллергияға сезімталдығын көтереді. Кейін бұл аллергияның қайталап түсуі салдарынан аллергиялық ауру пайда болады. Аллергияның кең тараған түрлеріне: бронхиалдық демікпе, есекжем, Кванке ісінуі, поллиноздар (грекше pollen — шөп тозаңдарынан дамиды ауру) және анафилаксиялық шок жатады. Аллергиямен ауырған адам алерголог-дәрігердің бақылауында болуы керек.





Анафилаксия (грек. ана — қарсы және рhэlахiѕ — қорғаныс) — ағзадағы жедел белгі беретін аллергиялық реакция. Ол денеге енген әр түрлі заттардың (дәрілер, емдік сары сулар, витаминдер т.б.) қатерлі ықпалынан пайда болады. Анафилаксия терминін ғылымға 1902 ж. француз ғалымдары П.Портъе мен Ш.Рише енгізген. Олар актиний мұртияларынан жасалған сұйықты иттерге қайтара екенде, олардың қан қысымы төмендеп, құсу, іш өтуі сияқты белгілер байқалған. Соның салдарынан кейбіреулері өліп кеткен.



Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы
(ЖИТС, ағылш. AIDS) - аса қатерлі вирустық дерт.
Қоздырушы - адамның иммундық дефицит вирусы HIV
(ИДВ). Вирус иммундық жүйесінің жасушаларының
жұмысын бұзып, жойып, нәтижесінде Жүре пайда болған
иммундық дефицитінің синдромы (ЖИТС) пайда болып,
адам организмінің қорғаныс механизмдерінің жұмысы
бұзылып, инфекция мен қатерлі ісіктерлерден кәдімгі
иммунды статус қалыпта болған жағдайда дамымайтын
оппортунистік аурулар пайда болады



СПИД-тің алдын – алу шаралары:

- 1) СПИД туралы, себептері, жқзу жолдары туралы санитарлық-ағарту жұмысын жүргізу керек.*
- 2) Медицина аспаптарын жуу, стерилизация қағидаларын қатаң сақтау керек.*
- 3) Бір рет қолданылатын шприц қолдану керек*
- 4) Вирусты тасмалдаушы адамды анықтау үшін медициналық тексеру өткізу керек*
- 5) Перчаткамен жұмыс жасау.*





Жүре пайда болган (ЖИТС, СПИД аталыш. *AIDS*) иммундык дефицитінің синдромы - Вич формда дамитын күй - лимфоциттердің құлауына сипаттайтын CD4+нің саны, көптік оппортунистік инфекциялар, инфекцияи емес және ісік ауруларымен (Human immunodeficiency virus, HIV аталатынша) инфекция.





Назарларыңызға рахмет

